



Автор: Бакиева Гулбала Арыстанбекқызы

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Тарихи шындық пен көркемдік шешім

Тақырып: М. Өтемісұлы « Мен, мен едім, мен едім»

М. Өтемісұлы « Мен, мен едім, мен едім»	Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары: А/И 9.2.4.1. Автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу. Сабақ мақсаты: М. Өтемісұлының « Мен,мен едім,мен едім» өлеңіне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу. Тілдік мақсат: Автор стилі, өлең құрылысы. Құндылықтарға баулу: Тарихтың ,мәдениет пен тілдің біртұтастығы (патриотизм және азаматтық жауапкершілік) Алдыңғы оқу М. Өтемісұлы өмірі , шығармашылығын біледі . Пәнаралық байланыс Тарих
---	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
М. Өтемісұлы « Мен, мен едім, мен едім» (26 11 2019)	Уақыты Кезеңдері Тапсырма мақсаты Бағалау Ресурстар Басы « Молекула» әдісі арқылы жағымды көңіл күй туғызады Жыраулардың аты жазылған қоржынға түстерді таңдау арқылы оқушылар топтастырылады. 1.Махамбет 2.Жиембет 3.Қазтуған 4.Доспамбет Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру Ортасы Топтық жұмыс «Санадағы сценарий» 1- « Мен, мен едім, мен едім» өлеңінен ақын образы туралы ойларды жинақтап, топтастыру арқылы көрсетеді. 2- топ тапсырмасы Махамбеттің «мені» мен қазіргінің «менін» салыстыр Венн диаграмасы арқылы 3- топ тапсырмасы « Мен, мен едім, мен едім» өлеңін креативті түрде өңдеп жазады Махамбет шығармашылығын әр қырынан қарап, ойларын ортаға салу Бағалау критерийі: Өлеңнен ақын образын ашып, Махамбеттің « мені» мен қазіргі таңның «менін» салыстырып, өлеңді креативті өңдеп жазады. Дескриптор: 1. Өлеңнен ақын образын ашатын ойларды жинақтап, топтастырады. 2. Ақынның «менін» қазіргі таңның «менімен» салыстырады. 3. Өлеңді креативті өңдеп жазады. . ҚБ « Коментарий бер» әдісі оқулық Жұптық жұмыс Махамбеттің « Мен, мен едім, мен едім» мүшәйрасына хабарландыру жазу . Мүшәйраға хабарландыру жазу ҚБ «Бутерброд» әдісі Жеке жұмыс. «Мен- Махамбет ұрпағы» тақырыбында «БЕС МИНУТТЫҚ ЭССЕ» жазу. Қорытындылау мақсатында ҚБ Мұғалімнің ауызша кері байланысы Соңы Үй тапсырмасы «Мен, мен едім» өлеңінен үзіндіні өңдеп , креативті жазып келу Рефлексия. Кері байланыс «Баспалдақ» әдісі	